

Бұл басылым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы емес, тек ақпараттық және аналитикалық мақсаттарға арналған. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және олар бойынша мөлшерлемелер туралы жалпы ақпарат алуға бағытталған, Қор екінші деңгейдегі банктердің веб-сайттарында мониторинг жүргізу негізінде жиналған деректердің дәлдігіне, толықтығына, сенімділігі және өзектілігіне кепілдік бере алмайды.

Банктік салым шартын жасау туралы шешім қабылдамас бұрын, таңдалған банктегі ақпаратты нақтылау қажет. Банкте депозит ашу туралы шешім қабылдаған кезде тек банктік өнімнің кірістілігіне ғана емес, сонымен қатар банктің қаржылық тұрақтылығын ескеру қажет екенін еске саламыз. Ақпарат үшін: Қор веб-сайтында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындаған рейтингтері туралы ақпарат орналастырылған (<https://kdif.kz/finansovaya-gramotnost/rating/>).

Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері 2023 жылдың қарашадағы жағдайы бойынша (депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - жүйе) қатысушы банктердің сайттарының мониторингі негізінде)

Мазмұны:

- 1) [Қараша айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу](#)
- 2) [Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер](#)
- 3) [Қор ұсынатын шекті \(ең жоғарғы\) мөлшерлемелер](#)
- 4) [Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат](#)

1. Қараша айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2023 жылдың қазанында базалық мөлшерлемені 16,0% - ға дейін төмендеткендіктен, 2023 жылғы қарашада мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлеме де төмендеу жағына қарай қайта қаралып, 15,5% деңгейінде белгіленді. Осыған байланысты, қаралып отырған айда 9 қатысушы банк өздерінің мерзімсіз депозиттері бойынша мөлшерлемелерін, 1 қатысушы банк мерзімді және жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелерін қайта қарады.

Сонымен қатар, ішкі депозиттік саясатқа байланысты банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы шешімді өз бетінше қабылдайтындығына байланысты Қор белгілеген шекті сыйақы мөлшерлемелерінен банктердің депозиттері бойынша мөлшерлемелері айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Өз кезегінде, шолу нәтижелері банктердің депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері депозитті таңдау кезінде азаматтар үшін айқындаушы фактор болып табылмайтынын көрсетеді. Халық депозиттік өнімді таңдағанда банктің тұрақтылығы мен сенімділігі, сондай-ақ банк ұсынатын қызметтердің ыңғайлылығы мен сапасы сияқты сипаттамаларды басшылыққа алады.

Мерзімсіз депозиттер¹


Қордың шекті мөлшерлемесі – 15,5%.

19 жүйеге қатысушы банктердің 15-і мерзімсіз депозиттерді тартады, оның ішінде 9 банк (*Altyn Bank, БЦК, Нұрбанк, Банк ВТБ, Bereke Bank, Home Credit Bank, Halyk Bank, Еуразиялық банк және ForteBank*) Қордың шекті мөлшерлемесі – 15,5% деңгейінде мөлшерлемелерін ұсынады.

Қараша айында 9 банк Қордың шекті мөлшерлемесін қайта қарауға байланысты мерзімсіз депозиттер (*Еуразиялық банк, Halyk Bank, Home Credit Bank, ВТБ Банкі, Банк RBK, Фридом Финанс Банкі, Bereke Bank, FH Jusan Bank және ҚЗИ Банкі*) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендетті.

Мерзімсіз депозиттерді тарту көлемі бойынша негізгі көшбасшылар *Kaspi Bank* – мөлшерлемесі 15,0%, *Halyk Bank* – мөлшерлемесі 15,5%, *БЦК* – мөлшерлемесі 15,5% болып табылады.

1-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (қараша 2023 ж.)



Толықтырылатын мерзімді депозиттер²

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 16,8%, 12 ай – 14,5%, 12 айдан астам – 10,5%.

¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды


² мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттық талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.

19-дан тек 4 жүйеге қатысушы банктер (БЦК, ҚЗИ Банкі, ForteBank және Bank RBK) толықтыру құқығымен мерзімді депозиттерді тартады.

2023 жылдың қараша айында ҚЗИ Банкі 3, 6 және 12 айлық мерзімімен депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетті.

Барлық банктер толықтыру құқығымен мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерді Қордың шекті мөлшерлемелерінен төмен ұсынады. Депозиттердің осы сегментіндегі ең жоғары мөлшерлемелерді 3 және 6 айлық депозиттер бойынша БЦК және 12 айлық депозиттер бойынша ҚЗИ Банкі ұсынады.

2-сурет. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (қараша 2023 ж.)




Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 17,3%, 12 ай – 14,8%, 12 айдан астам – 10,7%.

Тек 2 жүйеге қатысушы банктер (ВТБ Банкі және Қытай Банкі) толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттерді ұсынады, олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері Қордың шекті мөлшерлемелерінен және жылдық инфляция деңгейінен төмен.

Қараша айында банктер толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қараған жоқ.

3-сурет. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (қараша 2023 ж.)



Толықтырылатын жинақ депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай – 17,8%, 12 ай – 15,7%, 12 айдан астам – 13,5%.

Қазіргі уақытта 10 қатысушы банктер (*Еуразиялық банк, Home Credit Bank, Altyn Bank, Bank RBK, Фридом Финанс Банкі, Нұрбанк, Bereke Bank, Forte Bank, Jusan Bank және ВТБ Банкі*) толықтыру құқығымен жинақ депозиттерін тартады.


2023 жылдың қараша айында *ВТБ Банкі* өз желісіне жаңа депозиттік өнім – Қордың шекті мөлшерлемелері деңгейінде мөлшерлемелермен толықтыру құқығы бар жинақ депозитін енгізді. Қараша айында *FN Jusan Bank* 6 айға жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесін 16,8%-дан 16,0%-ға дейін төмендетті.

Жалпы алғанда, қатысушы банктер 3, 6 және 12 айға жинақ депозиттерін Қордың шекті мөлшерлемелерінен төмен мөлшерлеменен бірдей диапозонда тартады.

Қатысушы банктердің көпшілігінде өтеу мерзімі 12 айдан асатын толтырылатын жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер Қордың шекті мөлшерлемелерінен айтарлықтай төмен.

Бұл сегменттегі көшбасшылар *ForteBank, Bereke Bank және FN Jusan Bank* болып табылады.

4-сурет. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (қараша 2023 ж.)



Толықтырылмайтын жинақ депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай – 18,3%, 12 ай – 16,9%, 12 айдан астам – 14,3%.

11 қатысушы банктер (Еуразиялық банк, БЦК, Home Credit Bank, Alтын Банк, Банк RBK, Нұрбанк, Фридом Финанс Банкі, Halyk Bank, ВТБ Банкі, ҚЗИ Банкі және Bereke Bank) толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттерін ұсынады.

Қараша айында ҚЗИ Банкі 3, 6 және 12 ай мерзімдерімен толықтыру құқығынсыз жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелерді төмендетті. Бұл депозиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемелерді ВТБ Банкі, ҚЗИ Банкі және Home Credit Bank ұсынады, олардың мөлшерлемелері Қордың шекті мөлшерлемелеріне жақын.

Барлық кезеңдерге толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдары бойынша банк мөлшерлемелері жылдық инфляцияның ағымдағы деңгейінен асып түседі.

5-сурет. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (қараша 2023 ж.)



2. Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер

1-кесте. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

| № | Банктер | Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер | | |
|----|---------------------|---|------------|-------------|
| | | Қыркүйек 2023 | Қазан 2023 | Қараша 2023 |
| | | ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінде | | |
| 1 | Еуразиялық банк | 15,5 | 16,0 ▲ | 15,5 ▼ |
| 2 | ВТБ Банкі | 16,0 | 16,0 | 15,5 ▼ |
| 3 | Bereke Bank | 16,0 | 16,0 | 15,5 ▼ |
| 4 | Halyk Bank | 16,0 | 16,0 | 15,5 ▼ |
| 5 | Home Credit Bank | 16,0 | 16,0 | 15,5 ▼ |
| 6 | ForteBank | 15,5 | 15,5 | 15,5 |
| 7 | Altyn Bank | 15,5 | 15,5 | 15,5 |
| 8 | БЦК | 15,5 | 15,5 | 15,5 |
| 9 | Нұрбанк | 15,5 | 15,5 | 15,5 |
| | | ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінен төмен | | |
| 10 | Bank RBK | 15,7 | 15,7 | 15,2 ▼ |
| 11 | ҚЗИ Банкі | 16,1 | 15,9 ▼ | 15,0 ▼ |
| 12 | FN Jusan Bank | 15,5 | 15,5 | 15,0 ▼ |
| 13 | Фридом Финанс Банкі | 15,5 | 15,5 | 15,0 ▼ |
| 14 | Kaspi Bank | 15,0 | 15,0 | 15,0 |
| 15 | Шинхан Банк | 8,8 | 8,8 | 8,8 |

2-кесте. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

| № | Банктер | Толықтырылатын мерзімді депозиттер | | | | | | | | | | | |
|---|-----------|------------------------------------|------|-------|-----------------|------------|------|-------|-----------------|-------------|-------|-------|-----------------|
| | | Қыркүйек 2023 | | | | Қазан 2023 | | | | Қараша 2023 | | | |
| | | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары |
| 1 | ҚЗИ Банкі | 16,2 | 16,6 | 14,5 | | 16,2 | 16,6 | 14,5 | | 15,9▼ | 15,6▼ | 14,0▼ | |
| 2 | БЦК | 16,0 | 16,0 | 13,7 | | 16,0 | 16,0 | 13,7 | | 16,0 | 16,0 | 13,7 | |
| 3 | Bank RBK | | | 13,5 | 9,5 | | | 13,5 | 9,5 | | | 13,5 | 9,5 |
| 4 | ForteBank | | | 8,0 | | | | 8,0 | | | | 8,0 | |

3-кесте. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

| № | Банктер | Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер | | | | | | | | | | | |
|---|-------------|--------------------------------------|------|-------|-----------------|------------|------|-------|-----------------|-------------|------|-------|-----------------|
| | | Қыркүйек 2023 | | | | Қазан 2023 | | | | Қараша 2023 | | | |
| | | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары |
| 1 | ВТБ Банкі | 0,0 | 8,8 | 10,0 | 0,0 | 0,0 | 8,8 | 10,0 | 0,0 | 0,0 | 8,8 | 10,0 | 0,0 |
| 3 | Қытай Банкі | 5,7 | 3,6 | 2,5 | 2,5 | 5,7 | 3,6 | 2,5 | 2,5 | 5,7 | 3,6 | 2,5 | 2,5 |

4-кесте. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

| № | Банктер | Толықтырылатын жинақ депозиттер | | | | | | | | | | | |
|----|---------------------|---------------------------------|------|-------|-----------------|------------|------|-------|-----------------|-------------|--------|-------|-----------------|
| | | Қыркүйек 2023 | | | | Қазан 2023 | | | | Қараша 2023 | | | |
| | | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары |
| 1 | ВТБ Банкі | | | | | | | | | 17,8 | 17,8 | 15,7 | 13,5 |
| 2 | Home Credit Bank | | 17,0 | 14,9 | | | 17,0 | 14,9 | | | 17,0 | 14,9 | |
| 3 | Bereke Bank | 16,9 | 17,0 | 14,5 | 13,5 | 16,9 | 17,0 | 14,5 | 13,5 | 16,9 | 17,0 | 14,5 | 13,5 |
| 4 | Нұрбанк | 17,0 | 17,0 | 14,5 | 12,2 | 17,0 | 17,0 | 14,5 | 12,2 | 17,0 | 17,0 | 14,5 | 12,2 |
| 5 | Еуразиялық банкі | | 17,0 | 14,5 | 7,9 | | 17,0 | 14,5 | 7,9 | | 17,0 | 14,5 | 7,9 |
| 6 | Фридом Финанс Банкі | | 17,0 | 14,5 | 7,9 | | 17,0 | 14,5 | 7,9 | | 17,0 | 14,5 | 7,9 |
| 7 | Bank RBK | | 15,5 | 14,5 | 11,5 | | 15,5 | 14,5 | 11,5 | | 15,5 | 14,5 | 11,5 |
| 8 | ForteBank | 17,0 | 17,0 | 14,4 | 11,1 | 17,0 | 17,0 | 14,4 | 11,1 | 17,0 | 17,0 | 14,4 | 11,1 |
| 9 | FH Jusan Bank | | 16,8 | | | | 16,8 | | | | 16,0 ▼ | | |
| 10 | Altyn Bank | 17,0 | 16,0 | 14,0 | | 17,0 | 16,0 | 14,0 | | 17,0 | 16,0 | 14,0 | |

5-кесте. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

| № | Банктер | Толықтырылмайтын жинақ депозиттер | | | | | | | | | | | |
|----|---------------------|-----------------------------------|------|-------|-----------------|------------|------|-------|-----------------|-------------|--------|--------|-----------------|
| | | Қыркүйек 2023 | | | | Қазан 2023 | | | | Қараша 2023 | | | |
| | | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары | 3 ай | 6 ай | 12 ай | 12 айдан жоғары |
| 1 | ВТБ Банкі | 18,3 | 18,3 | 16,9 | 14,3 | 18,3 | 18,3 | 16,9 | 14,3 | 18,3 | 18,3 | 16,9 | 14,3 |
| 2 | ҚЗИ Банкі | 18,2 | 18,3 | 16,9 | 14,2 | 18,2 | 18,3 | 16,9 | 14,2 | 17,5 ▼ | 17,7 ▼ | 16,0 ▼ | 14,2 |
| 3 | Home Credit Bank | 17,1 | 17,8 | 16,9 | 14,3 | 17,1 | 17,8 | 16,9 | 14,3 | 17,1 | 17,8 | 16,9 | 14,3 |
| 4 | Bank RBK | 17,2 | 17,0 | 16,0 | 12,0 | 17,2 | 17,0 | 16,0 | 12,0 | 17,2 | 17,0 | 16,0 | 12,0 |
| 5 | Нұрбанк | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 13,0 | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 13,0 | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 13,0 |
| 6 | Фридом Финанс Банкі | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 11,3 | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 11,3 | 17,0 | 17,5 | 15,7 | 11,3 |
| 7 | Еуразиялық банк | | 17,5 | 15,7 | 11,3 | | 17,5 | 15,7 | 11,3 | | 17,5 | 15,7 | 11,3 |
| 8 | ЦентрКредит Банкі | 17,2 | 17,2 | 15,7 | | 17,2 | 17,2 | 15,7 | | 17,2 | 17,2 | 15,7 | |
| 9 | Bereke Bank | 17,6 | 17,2 | 15,7 | 13,6 | 17,6 | 17,2 | 15,7 | 13,6 | 17,6 | 17,2 | 15,7 | 13,6 |
| 10 | Altyn Bank | 17,5 | 16,5 | 15,0 | 11,2 | 17,5 | 16,5 | 15,0 | 11,2 | 17,5 | 16,5 | 15,0 | 11,2 |
| 11 | Nalyk Bank | | 17,5 | 15,5 | 11,3 | | 17,5 | 15,5 | 11,3 | | 17,5 | 15,5 | 11,3 |

3. Сыйақының шекті (ең жоғарғы) мөлшерлемелері – 2023 жылдың қазан қараша және желтоқсан айларына

Мерзімді және жинақ салымдары бойынша 2023 жылғы қарашадағы шекті мөлшерлемелер барлық мерзімге қазан айындағы мәндер деңгейінде сақталды. Бұл ретте мерзімді емес депозиттер бойынша шекті мөлшерлеме Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 16,0%-ға төмендеуіне байланысты 15,5%-ға дейін төмендеді.

| Депозиттің санаты | Толықтырылатын депозиттер бойынша, % | | | Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, % | | |
|----------------------------|--------------------------------------|-------------|----------------|--|-------------|----------------|
| | Қазан 2023 | Қараша 2023 | Желтоқсан 2023 | Қазан 2023 | Қараша 2023 | Желтоқсан 2023 |
| Мерзімсіз депозиттер | 16,0 | 15,5 ▼ | 15,3 ▼ | 16,0 | 15,5 ▼ | 15,3 ▼ |
| Мерзімді депозиттер | | | | | | |
| 3 айға | 16,8 | 16,8 | 16,8 | 17,3 | 17,3 | 17,3 |
| 6 айға | 16,8 | 16,8 | 16,8 | 17,3 | 17,3 | 17,3 |
| 12 айға | 14,5 | 14,5 | 14,5 | 14,8 | 14,8 | 14,8 |
| 24 айға | 10,5 | 10,5 | 10,5 | 10,7 | 10,7 | 10,7 |
| Жинақ депозиттер | | | | | | |
| 3 айға | 17,8 | 17,8 | 17,8 | 18,3 | 18,3 | 18,3 |
| 6 айға | 17,8 | 17,8 | 17,8 | 18,3 | 18,3 | 18,3 |
| 12 айға | 15,7 | 15,7 | 15,7 | 16,9 | 16,9 | 16,9 |
| 24 айға | 13,5 | 13,5 | 13,5 | 14,3 | 14,3 | 14,3 |

Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат:

| № | Банктер | Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімнің түрі | Депозиттік өнімнің атауы |
|---|------------------|--|---------------------------------|
| 1 | Еуразиялық банкі | Мерзімсіз | Turbo Deposit |
| | | Толықтырылатын жинақ | Turbo Deposit Қазпошта |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | TURBO Deposit Жинақтаушы |
| | | Талап етуге дейінгі депозит | TURBO Deposit Жинақтаушы |
| 2 | БЦҚ | Мерзімсіз | Талап етуге дейінгі депозит |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Чемпион |
| | | Толықтырылатын мерзімді | Рахмет |
| 3 | Нұрбанк | Мерзімсіз | Менің мақсатым |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Нұр Алтын Оптимальный |
| | | Толықтырылатын жинақ | Нұр Алтын Сберегательный |
| | | Субсидияланатын (МБЖЖ ³) | Нұр Алтын Сберегательный |
| | | Талап етуге дейінгі депозит | АҚҮЛ білім алуға арналған салым |
| 4 | Home Credit Bank | Мерзімсіз | Талап етуге дейінгі депозит |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Қарапайым |
| | | Толықтырылатын жинақ | Почтовый Хоум |
| 5 | Bereke Bank | Мерзімсіз | Сберегательный Хоум |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Сберегательный Хоум + |
| | | Толықтырылатын жинақ | Күн Сайын |
| 6 | Банк ВТБ | Мерзімсіз | Пайданды жіберіп алма |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Сақтау |
| | | Толықтырылмайтын мерзімді | Жайлы |
| | | Толықтырылатын жинақ | Жинақтаушы |
| | | Субсидияланатын (МБЖЖ) | Табысты |
| 7 | Halyk Bank | Мерзімсіз | Жинақтық |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Табысты + |

³ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі

| | | | |
|----|---------------------|--------------------------------------|--|
| | | Субсидияланатын (МБЖЖ) | AQYL білім алуға арналған салым |
| 8 | Kaspi Bank | Мерзімсіз | Kaspi Депозит |
| 9 | Forte Bank | Мерзімсіз | Алынатын депозит |
| | | Толықтырылатын мерзімді | Шығарып алусыз депозит |
| | | Толықтырылатын жинақ | Шығарып алусыз жинақ депозиті |
| 10 | FH Jusan Bank | Мерзімсіз | OGO-депозиті |
| | | Субсидияланатын (МБЖЖ) | Jusan депозиті |
| | | Толықтырылатын жинақ | AQYL |
| 11 | Bank RBK | Мерзімсіз | Jusan жинақ+ |
| | | Толықтырылатын жинақ | DEPOSITUM |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Grand |
| | | Толықтырылатын мерзімді | Safe |
| 12 | Altyn Bank | Талап етуге дейінгі депозит | Dream |
| | | Мерзімсіз | Талап етуге дейінгі депозит |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Алтын Қор |
| 13 | Фридом Финанс Банкі | Толықтырылатын жинақ | Резерв |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Резерв+ |
| | | Мерзімсіз | КОПИЛКА |
| 14 | ҚЗИ Банкі | Толықтырылатын жинақ | СТРАТЕГИЯ |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | КАПИТАЛ |
| | | Мерзімсіз | Ай сайынғы капиталдандырумен икемді депозиті |
| 15 | Шинхан Банк | Толықтырылатын мерзімді | Мерзімді Салым |
| | | Толықтырылмайтын жинақ | Жинақ депозиті |
| | | Мерзімсіз | Береке |
| 16 | Отбасы банк | Субсидияланатын (ТҚЖЖ ⁴) | БАСПАНА |
| | | | БАЛАЛАР ДЕПОЗИТІ |
| | | | АРНАУ |
| 17 | Қытай Банкі | Толықтырылмайтын мерзімді | Жеке тұлғаларға арналған мерзімді салым |
| | | Талап етуге дейінгі депозит | Талап етуге дейінгі депозит |

* Депозиттердің әр түріне кепілдік мөлшері Қордың сайтында ұсынылған: <https://www.kdif.kz/depozity-i-garantiya/garantiya/>

⁴ Тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі